

Еділбаева С.Ж., Нығметова Ә.Т.

Білім беруді философиялық тұрғыда қарастыру қажеттілігі

Мақалада білім беру философиясының актуальді мәселелері, білім беру философиясының мәртебесі, пәні, міндеттері қарастырылған. Білім берудің философиялық негіздері, білім беру аспектілері, білім беру қызмет, үдеріс, нәтиже ретінде зерттелген. Философиялық тұрғыдан білім тұтас жүйе ретінде зерттеліп, білімнің негізгі бөлшектеріне т.б. мәселелердің мән-мағынасына жан-жақты талдау жасалған. Білім берудің аксиология аспектілері, аксиологиялық өлшемі зерттелген. Білім беру құндылықтары мен мақсаттарының өзара байланысы т.б. мәселелердің мән-мағынасына жан-жақты талдау жасалған.

Түйін сөздер: білім беру философиясы, тәрбие, педагогика, білім беру қызметі, аксиология, білім берудің құндылығы және мақсаттары.

Edelbay S., Nigmatova A.

The relevance of philosophical consideration Education

The article is dedicated to the problem of the education. Authors analyses conception of the aspects of new philosophic of education. Article is dedicated to one of the most pressing problems of the philosophy of education. Consideration of the philosophical problems of education is given on the basis of a comprehensive analysis of education as an integrated system, which has a complex structure. Education is seen as a social and personal value, reveals the relationship of values, the goals of education. Revealed interpretation category goal and purpose in education, ideals of education and its axiological dimension.

Key words: philosophy of education, upbringing, education, work, axiology, value and purpose of education.

Еділбаева С.Ж., Нигметова А.Т.

Актуальность философского рассмотрения образования

Статья посвящена одной из актуальных проблем философии образования. Рассмотрение философских проблем образования дано на основе всестороннего анализа образования как целостной системы, имеющей сложную структуру. Образование рассматривается как общественная и личная ценность. Раскрыты трактовки категории цели и целеполагания в образовании, идеалы образования и его аксиологическое измерение, образование как ценность.

Ключевые слова: философия образования, воспитание, педагогика, деятельность, аксиология, ценность и цели образования.

БІЛІМ БЕРУДІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА ҚАРАСТЫРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қоғамның экономикалық деңгейін көтеру үшін білім аясында зерттеу жүргізу керек, білімнің даму жолдарын жобалау керек. Білім беру философиясы заманауи ғылымда педагогика, қоғамтану, тарих және психология пәндері аясында жүргізілген зерттеулерге байланысты болу керек.

Білім беру – имманенттік философия принципі. «Ойлау дегеніміз – білім алуға ұмтылу» (Гегель), сондықтан философия білім алу мәселелеріне үлкен көңіл аударады. Неміс классиктері Гердер, Кант, Шлейермахер, Гегель, Гумбольдтар және XIX – XX ғасырлардағы Ф. Ницше, Д. Дьюи, М. Шелер, К. Ясперс, Т. Адорно, Ю. Хабермас, М. Бубер, Г. Гадамер т.б білім беру философиясы жайлы көптеген тұжырымдамалар қалдырып, тұлғаның білім алуға деген құқықтарының негізін қалаған.

Білім берудегі қиындықтар олардың философиялық анализ жасау арқылы себептерін анықтап және шешу жолдарын талап етті. XX ғасырдың соңында білім беру жүйесі үлкен өркениеттік даму қиындықтарын басынан кешті. Бұл қиындықтар тарихи өзгерістерімен байланысты. Олар: әлемдік социализм жүйесінің құлдырауы, I, II дүниежүзілік соғыс, әлемнің тоталитарлық жүйеден демократиялық жүйеге ауысуы, нарықтық экономиканың дамуы және қоғамдағы еркіндіктің бет алуы. Ақпараттық технологиялардың дамуы кітап мәдениетін экранға ауыстырды. Осының бәрін Мамардашвили XX ғасырдағы «антропологиялық катастрофа» деді.

XX ғасырдың ортасындағы мәдениеттің көпшілікке таралуы қоғамдағы ақсүйектер мен қара буындыларды бір деңгейге теңестірді, жыныстық революциясы адамдардың арасындағы шектеулерді бұзды, ал популисттік революциясы патша мен халықтың арасын жақындатты. Оған қоса Бодрийяр мұндай құбылыс адамдардың рухани байлықтарының деңгейін төмендетіндігін айтты. К.Ясперс өзінің «Духовная ситуация времени» (1931) атты кітабында қоғамның ыдырап кеткендігі жайлы жазды. Осының бәрі білім беру жүйесіне кері әсерін тигізді. «Білім беру ортаңғы деңгейге жақындап, рухани құндылық құлдырап, кез – келген білім аясы төмендеді» [1, с. 359] деп К. Ясперс кітабында жазған.

Білім беру философиясы ғылыми сала ретінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап АҚШ, Ұлыбритания, Герма-

нияда, ал XX ғ. соңында бұрынғы совет үкіметі елдерінде дами бастады. Қазақстанда білім философиясы ғылыми сала ретінде XX ғасырдың 90- жылдарында дами бастады. Білім беру философиясының керектігі жайлы «Вопросы философии» және «Педагогика» журналдарында жазылды [2; 3].

Білім беру философиясы мағынасы педагогикамен теңестіріледі. Қазіргі таңда педагогика мен бірге білім беру философиясы заманауи білім мәселелерін шешеді.

Бүгінгі таңда білім беру философиясында белгілі бір дәрежесі жоқ. Ол білім берудің философиялық, ғылыми және зерттелмеген мәселелерді де қарастырады. Қазір білім беру философиясының не екенін түсінуіміз керек және ол қалай пайда болды? Яғни білім беру философиясының табиғаты мен мақсаттарын анықтайық. Зерттеудің тақырыбы мен бағытын анықтайтын алғашқы түсініктер білім беру философиясына тән. Бұл түсінік өзінің логикалық құрамдатында «философия» және «білім беруге» анықтама береді. Философия білім беру арқылы қарастырылады. Енді бізге білім беру аясын философиялық тұрғыда қарастыруымыз керек. Тарих, дінтану, экономика, тіл, техника және т.б ғылымдардың өзінің философиясы бар және білім беру философиясы сияқты қоғамдық философияның ішіне кіреді. Білім беру философиясы адамға білімнің, ғылымның неге керектігін және неден басталғанын түсіндіреді.

Білім беру философиясы білім берудің онтологиясын, логикасын, аксиологиясын, мәдениетін, әдісін және идеологиясын қарастырады.

Білім беру философиясының басты міндеттерінің бірі ол білім берудің құрамдық негізін қалау. Білім беру философиясы қоғамның алдында нақты білім алу мақсаттарын қояды. Сондықтан білім беру философиясы тәрбие ғылымы мен тәрбие философиясына негізделеді.

Заманауи ғылымда білім беру философиясы қоғамтану, тарих, мәдениеттану, саясаттану, педагогика, психология сияқты ғылымдардың аясында зерттеулермен айналысады. Білім беру мәдениетке негізделіп, оған үлкен әсерін тигізеді. Сол себепті білім берудің мәдениеттік зерттелуі тиіс. Білім беруді тарихи және саяси түсініктерге жатқызуға болады. АҚШ-қа қарағанда Қазақстанда, Ресейде және Германияда арнайы педагогикалық ғылым бар. Ол жалпы білім беруді зерттейді. Білім берудің мәселелерін қарастыратын көптеген ғылыми жұмыстар бар. Мысалы Гумбольдт және Гегельдің жұмыстары секілді. Ғылыми – экономикалық даму үшін білім беру

керек жағдай. Қазіргі таңда білім берудің экономикалық тұрғыдан рөлі зор.

Ғылыми жүйедегі білім беру философиясының орны қандай? Білім беру философиясы педагогика саласындағы түсініксіз сұрақтарды қарастырады. Педагогика – ол іс жүзіндегі философия. Педагогика ғылым ретінде өзінің философиялық негізі болуы тиіс.

Қысқасын айта кетсек білім беру философиясы адамның мәдениеті мен рухани байлығын арттыру мақсатына қызмет етеді. Білім беру философиясының басты мәселесі ол «жалпы білім беру дегеніміз не?» және «білім беру қалай жүзеге асады?» Бұл екі мәселе бір – бірімен байланысты және екеуінің де жауаптары бір – бірін толықтырады.

Білім беру барысы жүзеге асып, я болмаса аспай қалса білім берудің не екені анықталады. Бұл жерде біз басты идеологиялық ахуалдарды көреміз: қоғамның білім беру деп ойлағанының барлығы білім беру емес. Бұл жағдайды философияның көмегімен қарастыру қажет. Яғни білім беру философиясы білім беру барысын тездетеді және бағыттайды. Мұның құндылығы және философиямен байланысы осыда.

Заманауи әлемде білім беру үлкен рөл атқарады. Қазіргі қоғамда кез – келген мамандық бойынша білім деңгейінің жоғары болуы талап етіледі. Келесі зерттеу бөлімінде бізге білім берудің философиялық негіздерін анықтау керек.

Білім беру ұғымы айтарлықтай әр қилы, бұл ұғымға өмір бойы білім беру, тұлғаның рухани тұрғыдан қалыптасуы, сол сияқты дәстүрлі білімдерді меңгере отырып рухани білім алу кіреді. Күнделікті түсінігімізде мәдени мағыналармен, қоғамдық және моральдық нормалармен ара қатыстығын белгілей отырып немесе қақтығыса отырып тұлғаның дамуы білім алу болып саналады. Ата-ана балаларын гимназияға, жоғары оқу орнына түсіріп, олардың білім алуын және ересек кәсіби өмірге дайындалуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Мансап жасау мүмкіндіктеріне кепілдік берілмеген уақытта, қоғамның үдеген плюралистігі жағдайларында гуманистік және рухани білімнің арқасында мақсаттарды іске асыру және өмірлік перспективаларға қол жеткізу мүмкіндігі пайда болатыны туралы қағида сақталады.

Білім беру философиясын зерттеу тәрбиелеу философиясын нақтылап түсіндіруге деген қажеттікті көздейді. Білім беру философиясының және тәрбиелеу философиясының мазмұндық мәні тәрбиелеу мен білім берудің шынайы шектерімен шектеліп қоймайды, себебі философия

ұғымы ретінде білім алу философиясы ішінара мәселелермен қанағаттанбай, басқа көптеген түрлі мәселелерді қамтиды. Тәрбиелеу мен білім беру ұғымдары көптеген тілдерде бір сөзбен беріледі. Ағылшын тілінде екеуі де education сөзімен (лат. «educatio» – тәрбиелеу, егу, өсіру) аталады, ол адамның қоғамның мәдениетіне тартылуының ауқымды үрдісін көрсетеді. «Philosophy of education» сөз тіркесі «білім алу пәлсапасы» дегенді білдіреді. Білім беру ұғымын тек орыс, неміс, қазақ тілдерінің кеңістіктерінде табуға болады.

Жеке ғылым ретінде тәрбиелеу ғылымы мәселені эмпирикалық-герменевтикалық тұрғыдан рухани-қоғамдық қызметтің ішінара деңгейіне қоюға бағытталған. Тәрбиелеу ғылымы жеке ғылым ретінде шынайылықтың тарихи және эмпирикалық фактілерімен шектелсе, білім беру философиясы үшін бұл деректер соңғы инстанция болып табылады. Білім беру философиясы тарихи-герменевтикалық немесе эмпирикалық-сипаттағыш әдістердің негізінде алынған жауаптармен шектеліп қалмайды, алынған және анықталған ғылыми-тәрбиелік материалдың іргетасынан мағыналық мәселеге ауыстыруға талпынады.

Осыған қатысты білім беру алдымен білім беру күштерін және арнайы білімнің байлығын, сол сияқты өмір мен шынайылықты түсіну тереңдігін және рухани сезімталдықты ерекше көрсетеді. Бірақ сөз тіркесі адамнан тыс үрдістер үшін де пайдаланылатындықтан (мысалға, «кристалдардың түзілуі» немесе «органдардың биологиялық құрылымы»), ол жеке емес, жалпы, тіпті ауқымды ғарыштық бастамадан адамның қалыптасуын білдіреді, сөйтіп болмыс табиғатынан материалдық-биологиялық және жан-рухани өлшеуде адамға біткен бүтіннің түзілуін және қалыптасуын көздейді. Бұл тұрғыда «мінезді тәрбиелеу» туралы ғана емес, «мінездің қалыптасуы» туралы да айтылады. Осыдан шығатыны, нағыз «жаттықтыруға», тек сырт жақтан ғана қалаулы болатын мінез-құлық үлгісіне жетілмеген құрал деп қарағанда, тәрбиелеу ұғымы адами көмектің және іске асырудың мақсаты ретінде тұлғаны біліп-танудың, шешім шығарудың және жауапкершіліктің субъективтік-экзистенциалдық сәтін елеулі түрде көрсетеді. Қос ұғым да (оларды мәдени-тарихи дамуда да қарастыруға болады) адам болмысының мағынасын сырттан көмек алуды және өзіндік бастаманы (немесе «бөгде тұлғаның тәрбиесін» және «өзін-өзі тәрбиелеуді») іске асырудың, әлемді қабылдауының және өзін-өзі көрсетудің түрлі аспектілерін

көздейді, бұл өзінің соңғы түсінігінде философиялық тақырып болып табылады.

Тәрбиелеу білім алудың алғышарты болып табылады. Сөйтіп, мектептің бірінші кезектегі міндеті – ата-ана қалыптастыратын тәрбиелеудің берік негізінен басталатын білім алу. Нәтиже ретінде тәрбиелеу адамның социумдағы әдеттеріне, дағдыларына және адамдармен араласу түрлеріне енгізілетін тәрбиелеу ықпалдарының жиынтығы деп түсініледі. Осы тұрғыдан тәрбиелеу ерте балалық шақта қамқорлық көрсетуге, өсіруге және күтім жасауға ерекше көңіл бөледі. Осының арқасында бала тазалықты және бүкіл өмір бойы пайдаланылатын және тереңдетілетін тәртіптіліктің ішкі түрін түйсіну арқылы қамтамасыз ететін әдеттерді меңгереді. Тәрбиелеудің ойлардың үлгісіне, пікірге және қарым-қатынасқа қатысы бар және ол тәртіпке үйрету, өркениеттендіру және моральдандыру ретінде түсінілуі мүмкін (Кант), ал білім беру болса бүкіл адамға, оның өзін-өзі жетілдіруіне қатысты, нақты айтқанда адамның өзінің айналасымен дауы ретінде түсінілуі мүмкін, оның көмегімен ол әлемді өзгерту қабілетіне ие болады.

«Тәрбиелеу» ұғымына қарағанда, білім беру жаңа ұғым болып табылады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап ол пәлсапа мен педагогиканың негізгі ұғымдарына жатады. Ол батыс тарихының белгілі бір кезеңінде неміс классикасында туындайды. Ол Ресейде де бар. Ал Англия мен Францияда онымен салыстыруға келетін сөз жоқ. Мұның себебі оның XIV ғасырдың неміс мистикасынан шығуында. Онда «білім беру», «түзу», «түзілу» ұғымдарына көп мағыналық мазмұн берілді. Білім алу бір жағынан жоғарыдан қалыптасатын тұлғадағы Құдайға ұқсастықты актуалдандыруды, ал басқа жағынан Құдай танылатын сәттерді қаперде сақтау, пішін мен түрге жеке ие болуды білдірді. Осы қалыптасу үрдісінде білім беру ұғымының құрылымын айқындаушы ретінде қарастырылуы мүмкін болатын пішін мен мазмұн диалектикасы алдыңғы шепке шығады. Бұл теологиялық мағыналық мазмұн XVIII ғасырдың Ағарту және гуманизм дәуіріндегі шешуші түрлендіруді сынайды. Адамның Құдайға деген қатынасы әлемге деген қатынасына дейін кеңейеді. Мұнда білім беру тәуелділіктен, яғни адамның әлем гетерономиясына деген қатынасы бойынша дербестіктен босататын және сыни қашықтықтың мағынасына ие болады. Бұл кезде білім алу мәдени және әлеуметтік әлемді қалыптастырудағы өзіндік күштерді актуалдандыру мәніне ие болады. Осылайша жеке адам

әлемнің түрлілігін көрсететін бүтіндікке арқау болады.

Неміс идеализмінде және классикасында білім беру адамның жан-рухани табиғатына ауыстырылды. Жалпы алғанда білім берудың адамға қатысы бар. Шиллердің және басқалардың арқасында адамның болмысын қалыптастыруға ауысуға мүмкіндік пайда болды. Оның үстіне білім беру ұғымына көне заманғы дәстүрлерде, әсіресе Грециядағы калокагатия идеясында парадигматикалық түрде түзілген жан-жақты қалыптасқан даралықты және игілікті гуманизмді көрсетудің байланысы айқындалды.

Сол заманнан бері білім беру ұғымы тарихта дами келе түрліше түсіндірілді. Бұл ұғым адамның қалыптасу тұрғысынан өмірдің мәдениеті (*cultura animi*) ретінде кеңінен және ауқымды түрде қалыптастырылды. Ұғым Песталоццидің жазбаларына сәйкес тәрбиелеуді немесе ой-өрісті қалыптастыру (*formatio intellectus*), Шлейермахер және басқа да ғалымдардың жазбаларына сай тәрбиелеуді толықтыратын және аяқтайтын рухани-мәдени әлемге енгізу тұрғысынан арнайы рухани білім алуды білдірді. Осының негізінде білім беруді тәрбиелеуге жатқызуға болады. Мұны кезінде Кант түсініп, өзінің «Педагогика туралы» атты дәрістерінде келесідей жазған: «Адам тәрбиеге көнетін жалғыз жан. *Тәрбиелеу* дегеніміз – күтім жасауды (бағып-қағу, асырау), тәртіпті (байсалдық) және білім берумен қоса оқытуды білдіреді» [4, с. 445].

Тәрбиелеу ұғымынан білім беру ұғымын ерекше бөліп алу дәстүрінің өз артықшылықтары да бар. Білім беру ұғымы – мысалға айтқанда тәрбиелеу мақсаттарын бағалауға мүмкіндік беретін жалпы ауқымды ұғым. Тәрбиелеуге қарағанда, білім беру бүкіл өмір бойы жүретін үрдіс болып табылады. Оның мазмұнын уақытқа қарамастан айқындау мүмкін емес, білім беру болмай қалмайтын кездейсоқтықтарға (мысалға, плюрализм, айқын болашақ, жеке адамның алдын ала нормативті түрде белгіленген дамуының жоқтығы) байланысты өзгеруге тиіс. Дәл осы кездейсоқтықты игеру жалпы білім берудың бақылау нүктесі болып табылады.

Б.С. Гершунский білім берудың мазмұндық түсіндірмесінің келесі төрт аспектісін бөліп айтқан: құндылық (мемлекеттік, қоғамдық, тұлғалық) ретіндегі білім алу; жүйе ретіндегі білім алу (білім беретін мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің жүйесі, оқыту-тәрбиелеу жүйесі, педагогикалық жүйе); «мақсаттардан нәтижеге қарай қозғалу үрдісі, педагогтардың оқушылармен субъектілік-объектілік және суб-

ъектілік-субъектілік түрде өзара жұмыс істеуі» ретіндегі білім беру және нәтиже ретіндегі білім алу [5, с. 35, 45, 55].

Білім беру құрылымы күрделі, бүтін дамушы жүйе болып табылады. Оның құрылымы – осы жүйе элементтерінің арасындағы тұрақты өзара байланыстардың тұтастығы. Білім беру құрылымы түрлі тұрғыларда және өзінің элементтерінің жиынтығына сәйкес көрініс табуы мүмкін. Бұл кезде қызметтік тәсіл білім беруге деген ең өнімді тәсіл болып табылады. Адамның білім алу үрдісі адам қызметінің бір ғана ерекше түрі болып табылады. Қызметтің негізінде адам айналадағы әлемді және өзін-өзі таниды. Қызмет ретіндегі білім беру қызметтің құрылымын көздеуге тиіс. Ол бөліктердің бүтінге ерекше қатынасын сипаттайды, бұл кезде қатынастардың бірдей нысаны мазмұндар ауысқан кезде де қалады. Қызмет ретіндегі білім алудың бұл нысандық құрылымының алуан түрлерден таңдалатын орындаулардың, қатынастардың іргетасы болып табылатынын білдіреді, оны қызмет теориясы ретінде білім алудың кез келген ықтимал теориясына қосуға болады. Яғни бір қызметтің құрылымы әр ерекше қызметке негіз болған жалпы объект болып табылады.

Кез келген қызмет құрылымдалған және келесі құрылымдық элементтердің болуын көздейді: мақсат, субъект, объект, шынайы қамсыздандырылғандық, нәтижелілік. Бүкіл қызметтің бір мақсаты – шынайылықтағы сәтті бағдарлануға деген қажеттік. Бұл көп уақытты қажет ететін және өзгерістерге ықпалын тигізетін үрдіс; адамның қызметі әр уақытта адамдардың арасында жүреді және сондықтан адамдар өздерінің бірлескен қызметін белгілі бір тұрғыдан түсінген жағдайда жүреді; қызмет әр уақытта заттық болады, «бос», жай қызмет болмайды, қызмет әр уақытта заттарға бағытталған және адам әрекет етуді қалауға тиіс, ол қызмет түрткілерінің негізінде әрекет етеді.

Білім беруге түрлі құрылымдық элементтер кіреді. Ол біріншіден үрдіс болса, екіншіден оның мақсаты болып табылады. Өзінің болмысы бойынша ол мақсаттардан нәтижеге қозғалыс үрдісі болып түсініледі. Білім беру үйлесімді жол немесе мақсаттардан нәтижеге қарай қозғалыс үрдісі ретінде қарастырылады. Бұл кезде адам бір күйден басқасына ауысады. Оның дене бітімі өзгереді. Бұл өзгеріс жетілу болып түсініледі. Үрдіс және жол ретіндегі білім алу формальдық құрылым тұрғысынан өсіп келе жатқан тұлғаның жолдың соңында талап етілетінді жолдың басында өз бетінше жасауға мүмкіндігі жоқ

екенін де білдіреді. Адам әлсіз болып туылады, бұл сәтте ол басқа адамдардың көмегінсіз өмір сүре алмайды. Дене күшінің өсуімен қатар ол рухани күштерді де меңгеруге тиіс. Бұл дәнді дақылдардың дамуындай емес, күрделі өсу үрдісі болып табылады. Осы жолда оған көрсетілетін көмек қолда бар шындыққа бейімделу болып табылады. Ол өзін-өзі танып-білу үшін көмекті қажет етеді, бөтен, қарсылық көрсететін әлемнің қыр-сырын меңгеруге тиіс. Бірақ көмек әр уақытта бөгде нәрсе. Өзін-өзі танып-білу үшін, адам осы бөгдені тануға тиіс. Көмек қажет болмай қалған кезде тәрбиелеу үрдісі аяқталады да адам еркіндікке қол жеткізеді.

Ф. ницше «Үш мәрте түрлену туралы» атты нақыл сөзінде білім алу үрдісін рухтың үш рет түрленіп, өзгеруі арқылы бұл үрдісті символикалық түрде сипаттады: «... рух түйе болады, түйе арыстанға айналады және ақыр аяғында арыстан баланың кейпіне енеді»[6, с. 22]. Білім беру үрдісінің процессуалдық ұғымының педагогикалық тәжірибеге де қатысы бар, яғни бұл педагогикалық қызмет ғылымы мен өнері.

Адам тек қоғамда ғана адам болады. Осылай түсіну білім беру үрдісін қоғамдық үрдіс ретінде айқындайды. Бұл кезде адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды меңзеп отырмыз. Түпкілікті есті тіршілік иесі ретінде адамдар жалғыздан жалғыз өмір сүре алмайды. К. Маркс жазғандай: «...адамның болмысы жеке адамға тән абстракт емес. Негізінде бұл барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады»[7, с. 163]. Қарым-қатынастар басшылық, ықпал, көмек немесе өзара әрекеттесу, осының қайсысы ретінде қарастырылатыны туралы осы түсінікті мазмұнға толтыру түрлі жағдайларға байланысты. Олар арқылы білім беру үрдісіне қызмет көрсететін құралдар айқындалады.

Бірақ бұл адамдар арасындағы үрдісті жүзеге асыру алуан түрлі болғанымен, оны өзінің негізгі құрылымында сипаттауға болады. Әрекет етуші тіршілік иесі ретінде адам дәл осындай әрекетшіл субъектілермен өзара әрекет етеді. Адам өзінің еркін қалауы бойынша ғана әрекет ете алмайды. Басқа жеке адамдардың болуы фактісі осындай негізсіздікке қарама-қайшы келеді. Әр әрекетшіл жеке адам оның жанында қызметтің дәл осындай құрылымы бойынша әрекет ететін басқа адамдардың бар екенін ескеруге және басқа адамдардың іс-әрекеттерін мойындауға тиіс.

Сонымен қатар білім беру үрдісі тек функционалдық үрдіс ретінде ғана түсінілмеуге тиіс, бұл материалмен айқындалған үрдіс екенін ескеру қажет. Адамға әлем, шынайылық, заттар, қол-

да бар тұрмыс қажет. Бүкіл шынайылық білім беру материалының көмегімен бола ала ма және болуға тиіс пе, ол үшін белгілі бір заттар жарай ма, осының барлығы белгілі бір алғышарттарға тәуелді. Олар құралды таңдауға әсерін тигізеді. Білім беру үрдісі мәнді, белгілі бір заттарға бағытталған үрдіс болып түсініледі, яғни адамның бүкіл қызметі белгілі бір мазмұнға байланысты. Өздігінен жасалатын қызмет жоқ. Адам жалпы ойламайды, нақты заттарды ойластырады. Ешбір бала өздігінен оқымайды, ол әр уақытта *бір-нәрсені* оқиды.

Барлық осы құрылым сәттері түрлі тәсілге байланысты және үйлестірілуі мүмкін. Акцент қоюдың түрлі тәсілдері болуы мүмкін. Бұл формальдық құрылымдық іргетас білім алу үрдісін қызмет ретінде түсіндіруге тиіс.

Қызметтің арнайы түрі ретінде білім алуға нәтиже тән. Білім беру үрдіс ретінде келеді, онда адам өзінің зияткерлік-өнегелі келбетіне ие болады, яғни сараланған бағалауларды беруге және адами қасиеттерді дамытуға қабілетті. Білім беру нәтижелілігінің келесі аспектілері бар: сауаттылық, білімділік, кәсіби құзыреттілік, мәдениет, менталитет. Нәтиже ретінде білім беруге толықтай және түпкілікті қол жетімді нәтиже (педагогикалық мақсат) ретінде де, «білімділік» мәртебесі ретінде белгілеуге және бұрыс түсінуге болмайды. Керісінше, білім беру динамикалық тұрғыдан оқытудың көмегімен шешілуге тиіс болатын бүкіл өмір бойы орындалатын міндет ретінде түсінілуге тиіс. Сонымен қатар бұл шешімі салыстырмалы түрде тұрақты және өзгерістерге қабілетті тұлғаның құрылымындағы барынша ықтимал оң өзгерістерге бағытталған міндет те болады. Білімді тұлға жетік және епті, адамгершілікті өмір сүруге және тұрмысты қалыптастыруға дайын және қабілетті болады.

Осы жағдайда білім алу, оқушы немесе оқитын жеке адам ұғымының шынайы салыстырмалы шамасы деп түсінілетін субъект білім беру қызметтің шешуші элементі болып табылады. Оған және онда білім беру жүзеге асырылады және аяқталады. Сондықтан субъект туралы түсінік білім беру ұғымының өзегі болып табылады және білім алу үрдісіндегі субъект туралы мәселе негіз салушы болып табылады. Өз жағынан ол түрлі қатынаста, мысалға адам оқитын, субъект және объект болатын білім беру қызметіндегі субъектілік-объектілік және субъектілік-субъектілік қатынастар тұрғысынан қойылуы мүмкін.

Білім беру субъектісі туралы мәселе өзекті болып қалуда. Білім беру адамға бағыттал-

ған деген фактінің негізінде шектеліп қалуға болмайды, ол білім беру философиясында әзірленеді. Егер білімді субъектіні дамыту туралы білімге білім беруді ұйымдастыру да (әсіресе мектепте) тәуелді болмаса, іс жүзінде осы істің шектелуі мүмкін болады.

Осыған орай субъект пен қоғамның диалектикасы қызығушылық тудырады. Сөйтіп, білім беру жеке адам мен қоғам қатынасының әлеуметтік өлшеуін, ойлау салтының және тану теориясын философиялық өлшеуді қамтиды. Ол сана-сезімді дамытудың психологиялық өлшеу, жеке тұлғаның әлеуметтік әлемге сынау және өзін-өзі анықтау мүмкіндігі ретінде қарауының саяси өлшеуі және осы үрдістерді оқу және білім алу үрдістері әрі осы үрдістерге тигізетін ықпал жөніндегі ұсыныстар ретінде талдаудың педагогикалық өлшеуі кіреді.

Жаңа білім беру философия жөніндегі пікірталас көрсетіп отырғандай, ұғым ренессансының негізінде жалпы қайта бағдарлану уақытында дәстүрлі құндылықтардағы қажеттік қана емес, философиялық толғанулар қажеттігі де бар. Ғылыми-білім алу пікірталасындағы алуан түрлі тәсілдер тұтастығының мәнісі – орталық бағдарлау санаты ретінде білім алу ұғымының жоғары маңыздылығы танылады. Ол бүгінгі таңда да өзекті.

Білім беру философиясының мәселелері келесідей: білім беру және оқу қызметі адамның анықтамасына қатысты ма? Білім беру осы анықтаманың талабы болып табыла ма? Бұл кезде білім беруді оқытудан, әлеуметтендіруден және т.с.с. жеке бөліп алу қажет. Әлеуметтендіру адамның белгілі бір әлеуметтік тұрғыдан талап етілетін және әлеуметтік тұрғыдан қалаулы болатын мінез-құлық түрлерін көздейді. Сонда білім беруді философиялық антропология тұрғысынан қарастыру өзекті болып табылады, себебі оқитын тіршілік иесі ретінде адамның өзі білім беру қатысушысы болып табылады.

Білім беру әр уақытта әлеуметтік құндылық ретінде қарастырылды, бұл құндылық жеке адамдардың мінез-құлқын ынталандырудың маңызды көзі болып табылады. Ежелгі бес кітапты білуін тексеретін императорлық емтихандарды сәтті түрде тапсырғаннан кейін мемлекеттік лауазымға қабылданған Конфуцийдің мысалы Ежелгі Қытайдағы білім алу құндылығын көрсетеді.

Білім беру адами тұрмыстың өзегі болып табылатындықтан, екеуі де тікелей өзара байланыста ғана болады. Сондықтан адамның болмысын айқындайтын барлық философиялық ілімдер білім алудың маңызы мәселесі ретінде

қарастырылады. Осы тұрғыдан білім берудің және тәрбиелеудің адамның болмысы үшін іргелі мағынасын И. Кант ерекше атап көрсетеді: «Адам *тәрбиелеу* арқылы ғана адам бола алады. Ол тәрбиелеудің негізінде қалыптасады». Рефлексия осы фактқа сәйкес қажет, сондықтан бұл негізгі пәлсапалық міндет болып табылады, себебі Канттың айтуы бойынша «білім берудің артына адам табиғаты мүлтіксіздігініңүлкен құпиясы жасырынған»[4, с. 11].

Кант салдар және талап ретінде қалыптастырып сипаттағанды Фихте, Гегель, Гердер келтіреді. Сөйтіп, білім берудің аксиологиялық мағынаны пәлсапалық тұрғыдан көрсету кезінде қайта назарды тартуы мүмкін болатын көзқарастардың елеулі білім қоры білім алу мәселесінде түзілді. Жалпы рухани-ғылыми немесе арнайы пәлсапалық тұрғыдан білім алу шынайылығын көрсету көзделеді, оған қоса білім алу пәлсапасын шынайы толықтыра алатын антропологиялық, этикалық немесе тарихқа бағдарланған рефлексия туралы сөз қозғалуда. Гегельдің пәлсапалық тұжырымдарында білім беру шексіз құндылық ретінде, адам өзінің еркі бойынша ие болуға тиіс болатын құнды игілік ретінде қарастырылады.

Компаративист Кит Уотсон, жаһандандырудың білім беруге тигізетін ықпалын қарастыра отырып, құндылықтар деңгейінде білім беруге тигізетін экономикалық жаһандандырудың ықпалын бөліп айтады [8, с. 5-31]. Осы уақытқа дейін білім беру жүйелерінің көпшілігі ұлттық қоғамның құндылықтарын көрсетіп келді. Демократиялық саяси жүйелер демократиялық құндылықтарды әкелді, авторитарлық жүйелер авторитарлық идеологиялар болып табылады десе болады. Бірақ бұқаралық ақпарат құралдары жаһандануының арқасында пікірлер мен құндылықтар барлық бағыттардан көптеген шаруашылықтарға енгізіледі, ал осы бұқаралық ақпарат құралдарының көбі медиа магнаттардың құзырында. Егер қазір балалар теледидардың алдында көп уақытын өткізсе, онда олар шынайылықтың бейнелеріне ұшырайды, ал осындай бейнелердің олардың отбасыларының құндылықтарына, айналадағы қоғамға және мәдениетке қатысы жоқ болуы мүмкін. Қосымша айтылатындай, Уотсонның қағидаларына сәйкес «Кока-кола» немесе «Макдональдс» сияқты көп ұлттық концерндер тұтынушыларды иемдену мақсатында мектеп жүйелерін демеумен айналысады. Қазіргі заманда әр білім беру жүйесі қаржыны қажет етеді, сол себепті олар осындай ұсыныстардан бас тарта алмайды. Уотсон осы жерде балалар

мен жас өспірімдердің құндылықтар туралы түсініктеріне тигізетін қадағаланбайтын ықпалын көреді. Бүгінгі таңда осы мәселе шешілмеген болып қалуда, ол мемлекеттік мәдени саясаттың деңгейінде, отбасыдағы және мектептегі тәрбиелеудің деңгейінде кешенді тәсілді қажет етеді.

XX ғасырдың 70-жылдарында Е. Браунмюль, Г. фон Шенебек сияқты педагогикаға қарсы ілімнің өкілдері негізгі мәдени құндылықтар ретіндегі білім беруге және тәрбиелеуге деген қажеттікке күмәнданды. Олар «тәрбиелеу мен білім беру қажеттігін қабылдамайды, себебі олардың айтуынша олар тоталитарлық және ... деперсоналдандыруға бағытталған, балалардың, адамдардың және бүкіл өмірдің дұшпаны болып табылады»[9]. «Педагогикаға қарсы ілім. Білім алуды жою жөніндегі очерктер» кітабында Е. Браунмюль тәрбиелеуді өлім, сана мен жанды келтіруретінде қарастырады. Тәрбиелеу мен білім беру принципі – ересек адам балаға қажеттіні және пайдалыны біледі. Тәрбиелеу баланың бағынуын, үстемдігін, билікті білдіреді [10]. Педагогикаға қарсы пікірталастарда балаларға кішкентай, бірақ үнемі есейетін адамдарға ретінде қарау үшін «баланың балалығы» идеясынан, сондай-ақ тәрбиелеудің дәстүрлі ұғымынан арылу қажеттігі туралы айтылады [11]. Педагогикаға қарсы ілімге тәрбиелеуді күштеу, тұлғаны басу деп түсіну сияқты басқа принциптер негіз болса да, оған постмодерндік идеялар жақын.

Біздің көзқарасымызша, білім беруден бас тарту рухани дамудан, олай болса жануар өмірінен ерекше ететін және адамды адам ететін құндылықтары бар адами әлемнен бас тартуды білдіреді. Білім берудің мақсаты – адам өзінің әлемін жасауға, яғни әлемді, өзінің тарихтағы орнын және тарихқа деген өз көзқарасын өзінше түйсінуге, әлемдегі өзінің жауапкершілігін түйсінуге тиіс. Адам әлемге ашық болуына қатысты өзін моральдық субъект ретінде көрсетуге тиіс. Білім беруге бастапқы жағдай жасалуға тиіс. Білім беру туралы легитимді пікірлерді жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болу үшін, адам – рухани тіршілік иесі және сондықтан білім беруге тиіс деген қағида осындай қажетті алғышарт болып табылады. Сөйтіп, білім берудің аксиологиялық мағынасын К. Ясперстің сөздерімен айқындауға болады: «Білімді меңгеру емес, рухани мазмұндарды игеру білім алу болып табылады... Білім дегеніміз білімділік емес. Құр білім ... адамға сыртқы жүк болып қалады. Бірақ білім беру көріністерінің тереңдігін пайымдап қарау жанға айбындылықтың үлгілерін толтыру болып табылады»[12, с. 353].

«Рухтанушылық», «рухани әлем», «рухани құндылықтар» ұғымдары ерекше өзектілікке ие болды. Адам пікірін еркін білдіру қабілетінің, табиғатта кездеспейтін заттарды жасауының және өнімдерді өндіруінің арқасында жануарлар әлемінен бөлектенеді. Сондықтан ол антропологиялық тұрғыдан руханилық деп түсінілетін қисынмен айқындалады. Руханилық білімділіктен де көрінеді. Адамның дәрежесі деп атауға болатынды оның рухани әлемге қатысу көлемін айқындайды, себебі адами қасиеттерінің мәнісі осында.

М. Шелер сана-сезім және ерік сияқты руханилықтың бірнеше белгілерін атады. Сондай-ақ руханилық сұрақ қою және күмәндану қабілетінен, сонымен қатар адамның уақыт санаттарымен ойлау қабілетінен байқалады.

Өзінің руханилығы арқылы адам өзінің өмірлік көріністерінде бір сәтпен байланысты емес. Ол уақыттың барлық өлшемдерін бірге байланыстыра алады. Одан бөлек руханилық адамның қоғамның іс жүзіндегі күйін сыни ойластыруға және өзгертуге, моральдық негіздерімен оларға қарсы шығуға деген қабілетінен және дайындығынан білінеді. Демек, руханилық моральдық-өнегелі іс-әрекеттерге деген қабілетімен де, сол сияқты адамның нормалар мен құндылықтар туралы идеяларды жасауы туралы фактімен де беріледі. Гегель айтқандай: «... бала табиғаттың құзырында, оның тек табиғи ұмтылыстары ғана бар, ол шынайы емес, ықтимал немесе өзінің ұғымы бойынша ғана рухани адам болып табылады»[13, с. 33]. Физикалық, зияткерлік, көркем, табиғи-ғылыми, бастапқы немесе жалпы, қандай да болсын білім алу руханилықты қалыптастыруға бағытталған.

Білім берудің мақсаттары қандай? Адамның басқа адамға қатысты үстемдігі қатынастарын елеулі дәрежеде көздейтін тәрбиелеу ұғымына қарағанда, білім беру ұғымы бастапқыдан осындай үстемдік қатынастарын көздемейді. Білім беру үрдісінде жеке адамдардың еркіндігі (үстемдіктің жоқтығы) қоғам мен мемлекеттің еркіндігін көздеген мақсат болатын. Білім берудің бастапқы ұғымы өзінің ауқымды мағынасында бүгін білім беру мақсаты туралы түсінік бола алмайтыны айқын. Өмір жағдайлары, сондай-ақ адамның табиғаттан немесе қоғамнан тәуелділігі туралы ғылыми білім өзгерді. Білім берудің осы бастапқы ұғымының кейбір аспектілері ғана мақсат туралы қазіргі заманғы түсінікке кіруі мүмкін. Білім беру мақсаттары қоғамның өзекті сұратуларын ескере отырып белгіленеді.

Білім беру ұғымына тарихи-сыни тұрғыдан шолу жасаған кезде білім беру мақсаттары мен тәрбиелеу мақсаттары ішінара айқындалған болады. Демек бүгінде білім берудың классикалық идеалын шынайы қабылдау басқадан өзге кем дегенде тәрбиелеу конформизмін, тәрбиелеу мақсатында күштеуді, педагогикалық тараптан тең етуді мақсат тұтуды білдіреді. Бірақ осындай талаптың ерікті ме жоқ па екені туралы мәселе туындайды. Осы идеал біз үшін бейтарап болып қала ала ма? Ол жеткіліксіз емес пе және білім беру мақсатын қазіргі заманның қоғам қажеттіктерінен шығару қисынды болмаушы ма еді? Мысалға, экономикамыздың білікті мамандар мен инженерлерді қажет ететіні туралы фактіні алатын болса? Бұл сұрақтар біз түсінетін білім алу ұғымында оның мақсаттары туралы түсініктерді өлшеуге мүмкін болатын соңғы критерийдің жоқ екенін айқын етеді. Білім беру идеалына шақыру бізді мақсат туралы сұрақ бойынша пікірталастан арылта алмайды.

Білім алу қызметі әр уақытта белгілі бір мақсаттарға бағытталған. Білім беру мақсаттарының жүйесі туралы айтуға болады. С.И. Гессен білім беруді жеке адамның мәдениеті ретінде анықтай отырып, білім беру мақсаттары туралы мәселені арқау етеді және білім беру мен мәдениеттің ұқсастығы туралы қорытындыға келеді: «Қазіргі заманғы мәдени қоғам өмірінің мақсаттары ... білім беру мақсатының мәнісінде. Сондықтан білім беру мен мәдениеттің арасында дәл сәйкестік бар. Білім беру – жеке адамның мәдениеті. Егер халыққа қатысты мәдениет сарқылмайтын мақсаттар мен міндеттердің жиынтығы болса, жеке адамға қатысты білім алу сарқылмайтын міндет болып табылады. Шын мәнінде еш уақытта білім берудың аяқталуы мүмкін емес... Егер білім берудың мақсаттары мәдениеттің мақсаттарына сәйкес келсе, мәдениеттің жеке құндылықтары қанша болса, дәл сонша білім беру түрі болуға тиіс» [14, с. 35].

Сөйтіп, білім берудың аксиологиялық мағынасы табиғи адамды мәдени құндылықтарға тартуда, табиғи адамды мәдени адамға айналдыруда. Адам әрекетінің басқа да түрлері сияқты, оқыту, тәрбиелеу, білім беру үрдістері мақсат қоймай мәңгі болады. Айтарлықтай ұзақ уақыт бойы жалғасатын ауқымды және кешенді іс-әрекеттер бағыттаушы құндылық ретінде мақсат туралы дәл және тұрақты түсініктерді қажет етеді; іс-әрекеттер кездейсоқ немесе еркінше айқындалмауға тиіс. Сондықтан әлемдік тарихта білім беру қызметінің саласында әр уақытта осындай мақсаттық және айқындаушы құндылықтардың

функцияларын орындауға тиіс болатын оқытудың жаппай тұжырымдамалары болған. Тарихқа бойлап қарайтын болсақ, мақсат туралы осындай түсініктердің құрылымы көптеген факторларға және құндылықтардың түсіндірмелеріне байланысты.

Философия және атап айтқанда пәлсапалық антропология болашақ адамның белгілі бір бейнесіне негізделі отырып, білім берудың мақсаттары мен идеалдары мәселесін зерттейді. Адамның дамуы, оның субъектілігінің қалыптасуы білім берудың басты мақсаты болып табылады, білім беру мақсаты – адамшылық.

Білім берудың барлық мақсаттарының түптампыры көне дәуірден табылады. Сопылар мектебі ұсынған, білім беруге қойылған талаптарда ағарту, сыни сана-сезім, жеке адамның автономиясы және эмансипациясы сияқты білім берудың мақсат құндылықтары белгіленген. Сопылардың білім беру бағдарламасына қоса Платонның тұжырымдамасын қарастыруға болады, онда білім беру құндылығы жалпы адамның рухани-өнегелі кейпін қалыптастыру ретінде қарастырылады. Адамның өмірлік және ойшыл позициясын қалыптастыруды Платон мақсаты Құдайға ұқсас адам жасау болып табылатын техникалық-көркем пішіндермен салыстырады. Осындай қалыптастырудың негізгі үлгісін әлемнің әсемдігі мен үйлесімді дамуынан тануға болады; адамның оған теңесуге тырысатыны және шағын ғарышқа ұмтылатыны, оның нағыз мәнісі шығады да оны адам етеді. Көзқарастың екеуі де жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның білім алуының гуманистік идеалын дамытуға, еуропалық білім алу дәстүріне күшті ықпалын тигізді: Платонның талаптарына сай келе отырып, бұл дәстүр тарихи тұрғыдан іске асырылды, алайда көбінесе сопылық риторика жөніндегі әдеби-саяси теорияда жүзеге асты. Платон тұжырымдамасы білім беру туралы пікірталасқа елеулі ықпалын тигізді. Ренессанс XVIII ғасырда жаңа серпін алған Платон тұжырымдамасына сүйенді. Жаңа уақытта ойшылдар да жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның білім берудің гуманистік идеалын жақтады.

Қазіргі уақытта постиндустриялық, ақпараттық қоғамның әлеуметтік-мәдени реалиялары білім беру практикаларын экономикалық және саяси етіп қана қоймай, басымдық жағдайға әкелді. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамда білім беру адам және қоғам үшін құндылық деп қаралады, себебі олардың өмір сүруінің, дамуының алғышарты болып табылады. Сондықтан білім беру мемлекеттік, қоғамдық және

тұлғалық құндылық ретінде қарастырылады. Келешек қоғам үшін білім берудің өзекті болып келе жатқан қалған үш мақсаты маңызды: тұлғаның дамуы, тұлғаның қоғамға белсене қатысуы, кәсіби даярлық. Бұл кезде адамды мамандыққа дайындау білім берудің басты мақсаты – әр тұлғаның қабілеттерін сәтті түрде анықтаудан және көтермелеуден бас тартқызбауға тиіс.

Білім берудің осы маңызды мақсаттары бір-бірінен жеке дара бөлінбеген. Әлеуметтік және техникалық өзгерістер олардың одан әрі өзара тәуелділігіне және өзара толықтырылуына септігін тигізеді. Тұлға ролінің және оның қоғамдық өмірге деген қабілеттерінің кәсіби табысқа қол жеткізудегі маңызы зор. Қоғам өзінің тұлғасын ашып, іске асыратын адамдарды ғана емес, басқа адамдар үшін жауапкершілік алуға дайын және қабілетті адамдарды қажет етеді.

Білім берудің мақсаттық ұғымы – білім алу үрдісі нәтижесінің мінсіз бейнесі болып табылады. Білім беру идеалдары білім алу мақсатын айқындайды. Оларға білім беру туралы келесідей әдеттегі мақсатты түсініктер жатады: дербестік және өзін-өзі анықтау, автономия және ойлау, пайымдау және өзін-өзі ұстау парасаттылығы, демек адамшылық және еркіндік. Білім беру барысында сыналған осындай түсініктер білім алуға ерекше баға береді. Атап өтетін жайт, осы түсінуде білім беру нормативтік түсінудің орнына реттеуші идея болып табылады. Алайда осындай идея ретінде білім беру ұғымы пайдалануға жарамды және идеологияға ұшырағыш келеді: білім беру ретінде айқындалған практикаларға жағдайларға қарамастан әсем мінсіздік тән дейді. Алайда егер олардың белгіленген идеалдарға қатынасын тексеретін болса, білім беру ұғымы сыни инстанция функциясына ие болады.

К. Ясперс білім беру идеалының мәселесіне ерекше назар аударған. Білім беру идеалы адамның болмысына байланысты, адамның құмарлығы мен ниеттеріне сәйкес келуге тиіс болатын оның бейнесі қалған деген қағидаға байланысты. Ясперстің пікірінше, адам шектеулі әдеттегі құбылыстарда ол үшін үлгі және ауқымды жағдай болатын абсолюттік идеалды көргісі келеді. Білім беру идеалы бізге жас адамның қалыптасуы және тәрбиеленуі тиіс болатын адамның бейнесін көрсетеді [15, с. 8].

Мәдениет тарихында кез келген білім беруде бағдарланатын идеалдар бар. Ясперс осындай бірқатар білім беру идеалдарын атап өткен. Ол оларды келесідей бөлген: адамдардың қалыптасуына негіз болатын атақ бойынша: мысалға,

рыцарьлар, дін қызметшілері, монахтар және азаматтар; жеке адам үшін бағыттаушы болатын рухани сала бойынша: мысалға, зайырлы адам, суретші, ақын және зерттеуші. Осыдан кейін қызметтің басым саласындағы білім беру идеялы айтылады: көркем-гимназиялық білім беру, схоластикалық білімдер мен дағдылар, лингвистикалық-әдеби білім беру, техникалық-ғылыми дағды; білім беретін оқу орны бойынша: гимназия, халық жиналыстары өткізілетін жердегі қоғамдық өмір, князь сарайы, салон, университет [16, с. 33].

Кез келген білім беру идеалы нақты айқындалған, тарихи түрде белгіленетін түрде адамның мінсіз кейпін көрсетеді. Және сондықтан ол ғылыми зерттеу мәні болады. Гуманитарлық ғылымдардың, психологияның және социологияның өкілдері білім беру түрлерін зерттеуді және нақтылап айқындауды өздеріне міндет етіп қоюда. Ясперс білім беру идеалдарының маңызын мойындаса да, олардың абсолюттік шынайылығын жоққа шығарады. Кез келген білім беру идеалы салыстырмалы келеді. Ол тарихи тұрғыдан қалыптасты, сондықтан белгілі бір уақытқа ғана келеді және оны белгілі бір тарихи жағдайда ғана түсінуге болады.

Ясперс белгілі бір білім беру идеалының абсолюттік шынайылығын жоққа шығарса да, ол педагогтың білім беру идеалынсыз қызмет ете алмайтынын түсінеді. Білім беру кеңістігінде адамның бейнесі ерекше маңызды. Осы бейне арқылы оқушылармен араласудың түрлі тәсілдері айқындалады. Білім беру заттарының жинағы, тәрбиелеу және білім беру әдісі мен көздері әр жағдайда үстемдік ететін адамның бейнесінен іс жүзіндегі легитимацияға ие болады. Білім беру идеалы оқытушы үшін өз жұмысының өлшеуіші болады, оның көмегімен ол кейбір шынайылықтарды өлшейді және оған бағдарлана алады. Ясперс идеалды навигациялық таңбамен салыстырады.

Ясперс идеалдардың тарихи шынайылығын жоққа шығармайды және қоғамдық типтердің шындығына күмән келтірмейді. Тек білім беру идеалын ұстану адамға өзінің қоғамдағы ролін қабылдауға көмектеседі. Алайда тек дағды, білім және жұмыс ретіндегі білім беру идеалы бос қабық немесе қауыз болып табылады. Өзіндік болмыстан шыққан, рухтанған және тарихи тұрғыдан бейімделген идеал ғана төлтума, іс жүзіндегі, шынайы немесе экзистенциалдық білім арудың көрінісі болып табылады. Нағыз білім беру шынайы білім алу идеалында жалпы адам-

ды көреді; ол тұлға еркіндігі мен бейбітшілік, бостандық пен бедел, махаббат пен іс символы болатын адамның бейнесіне бағдарланады, білім алу идеалы шынайы адам тарихтылығының ерекше әдісі болып табылады.

Білім алу өмірдің мәні мен тарих туралы түсініктерге тәуелді және олармен айқындалады. Мәні туралы осындай түсініктерсіз білім алу үрдісінің мақсатын сипаттау мүмкін емес. Мән туралы түсініктер әр уақытта алуан түрлі болды, олар құндылық туралы шешімдерге, сондай-ақ уақытқа сәйкес қалыптасқан тенденцияларға негізделеді және түрліше үйлесуі мүмкін. Осындай түрге жататын мағыналық нормаларға деген рефлексиясыз бір де бір білім алу теориясы мүмкін болмайды. Оның мінсіз себебі бар. Яғни қызмет ретіндегі білім беру әр уақытта «бейне-

нің жобасын» көздейді, сол сияқты кез келген қызмет мақсатты көздейді.

Мақсат туралы түсініктерге қатысты білім берудің формальдық құрылымы келесідей сипатталуы мүмкін: адам өз мақсаттарын қоюды үйренуге тиіс, олар ең алдымен бейнелердің жобалары, шынайылықтың «үлгілері» болып табылады және оның қызметіне арналған. Ол мақсаттарды өздігінен жасауды және жүзеге асыруды меңгеруге тиіс. Осы мағынадағы білім беру келесіні білдіреді: адам өзінің қызметінің үлгілерін өз бетінше жобалауға және өзінің меншік конституциясының үлгісін әзірлеуге, оны жүзеге асыруға ұмтылуға тиіс. Ол өзі болғысы келетін адам болуға ұмтылуға тиіс. Демек тұлға үшін білім берудің құндылығы еркін дербестікті іске асыруға жол ашуында.

Әдебиеттер

- 1 Ясперс К. Смысл и назначение истории: пер. с нем. – 2-е изд. – М.: Республика, 1994.
- 2 Философия образования (материалы «круглого стола») // Педагогика. – 1995. – № 4. – С. 3-28.
- 3 Философия, культура и образование (материалы «круглого стола») // Вопросы философии. – 1999. – №3. – С. 3-54.
- 4 Кант И. О педагогике / отв ред. А.В.Гулыга // Кант И. Трактаты и письма. – М.: Наука, 1980.
- 5 Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века (В поисках практико-ориентированных образовательных концепций) – М.: Изд. «Совершенство», 2002.
- 6 Ницше Ф. Так говорил Заратустра / пер. с нем. Ю.М. Антоновского. – СПб.: Азбука, 2003.
- 7 Маркс К. Экономическо-философские рукописи 1844 // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – 2-е изд. – М.: Государственное издательство политической литературы, 1974. – Т. 42.
- 8 Watson K. Memories, models and mapping: the impact of geopolitical changes on comparative studies in education. – Compare. – 28 (1). – 1998.
- 9 Огурцов А.П. Постмодернистский образ человека и педагогика // Человек. – 2001. – № 3 – 4. <http://courier.com.ru/homo/ho0401ogurtsov.htm>
- 10 Braunmuehl E. Antipaedagogik. Studien zur Abschaffung der Erziehung. – Weinheim: Deutscher Studien Verlag, 1988.
- 11 Giesecke H. Das Ende der Erziehung. Neue Chancen fuer Familie und Schule. – Stuttgart: Klett-Cotta, 1996.
- 12 Jaspers K. Die Idee der Universitaet. Fuer die gegenwaertige Situation entworfen von Karl Jaspers und Kurt Rossmann. – Berlin, Goettingen, Heidelberg: Springer, 1961.
- 13 Гегель Г. В. Ф. Философия духа // Энциклопедия философских наук: В 3-х т. – Т.3. – М.: Мысль, 1977.
- 14 Гессен С.И. Основы педагогики. Введение в прикладную педагогику. – М.: Школа-Пресс, 1995.
- 15 Jaspers K. Die Idee der Universitaet. – Berlin: Verlag von Julius Springer, 1923.
- 16 Jaspers K. Die Idee der Universitaet. Die lebendigen Geist der Universitaet. – Heidelberg, Berlin: Verlag von Julius Springer, 1946.

References

- 1 Jaspers K. Smysl i naznachenie istorii: per. s nem. – 2-е изд. – М.: Республика, 1994.
- 2 Filosofija obrazovanija (materialy «kruglogo stola») // Pedagogika. – 1995. – № 4. – С. 3-28.
- 3 Filosofija, kul'tura i obrazovanie (materialy «kruglogo stola») // Voprosy filosofii. – 1999. – №3. – С. 3-54.
- 4 Kant I. O pedagogike / otv red. A.V.Gulyga // Kant I. Traktaty i pis'ma. – М.: Nauka, 1980.
- 5 Gershunskij B.S. Filosofija obrazovanija dlja XXI veka (V poiskah praktiko-orientirovannyh obrazovatel'nyh koncepcij) – М.: Изд. «Sovershenstvo», 2002.
- 6 Nicshhe F. Tak govoril Zaratustra / per. s nem. Ju.M. Antonovskogo. – СПб.: Azbuka, 2003.
- 7 Marks K. Jekonomicheskio-filosofskie rukopisi 1844 // Marks K., Jengel's F. Sochinenija. – 2-е изд. – М.: Gosudarstvennoe izdatel'stvo politicheskoi literatury, 1974. – Т. 42.
- 8 Watson K. Memories, models and mapping: the impact of geopolitical changes on comparative studies in education. – Compare. – 28 (1). – 1998.
- 9 Ogurtsov A.P. Postmodernistskij obraz cheloveka i pedagogika // Chelovek. – 2001. – № 3-4. <http://courier.com.ru/homo/ho0401ogurtsov.htm>

- 10 Braunmuehl E. Antipaedagogik. Studien zur Abschaffung der Erziehung. – Weinheim: Deutscher Studien Verlag, 1988.
- 11 Giesecke H. Das Ende der Erziehung. Neue Chancen fuer Familie und Schule. – Stuttgart: Klett-Cotta, 1996.
- 12 Jaspers K. Die Idee der Universitaet. Fuer die gegenwaertige Situation entworfen von Karl Jaspers und Kurt Rossmann. – Berlin, Goettingen, Heidelberg: Springer, 1961.
- 13 Gegel' G. V. F. Filosofija duha // Jenciklopedija filosofskih nauk: V 3-h t. – M.: Mysl', 1977. – T.3.
- 14 Gessen S.I. Osnovy pedagogiki. Vvedenie v prikladnuju pedagogiku. – M.: Shkola-Press, 1995.
- 15 Jaspers K. Die Idee der Universitaet. – Berlin: Verlag von Julius Springer, 1923.
- 16 Jaspers K. Die Idee der Universitaet. Die lebendigen Geist der Universitaet. – Heidelberg, Berlin: Verlag von Julius Springer, 1946.